

**Пәндерді
оқыту әдістемесі****Методика преподавания
дисциплин****Method of teaching of
disciplines**

ӘОЖ 378.016:741

Ж.Б. Сланова

Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.**Арнайы жоғары оқу орнында, жаңа оқыту технологиясын «Академиялық сурет»
пәні бойынша студенттің өзіндік жұмысы негізінде енгізу**

Оқытудың тұлғаға бағыттылығымен ерекшеленген жаңа оқу парадигмасына байланысты, заманауи жоғары оқу орындарының маңызды міндеті өз қызметін қайта құру болып табылады. Соның ішінде оқу үдерісі студентке тек білім мен біліктерді беріп, қаруландырып қана қоймай, студент тұлғасын қалыптастыратындай, шығармашылық еңбекке дайындап, өзін-өзі дамыта алатындай деңгейге көтеруі тиіс. Педагогика ғылымы мен өмір мәселелерінің өзі жоғары оқу орны алдына көптеген талаптар, сұрақтар мен жаңа мәселелер қояды. Мұндай талаптардың бірі – арнайы оқу орнындағы студенттердің өзіндік жұмысын жүйелі әрі тиімді ұйымдастырудың жаңа әдістерін қалыптастырып тәжірибеден өткізу болып айқындалады.

Түйін сөздер: жекелендіру, тұлғаны дамыту, селкос білімді пайдаланушы, ескірген әдістемелер.

Zh.B. Slanova

**The introduction of new educational technologies in higher educational institutions on the base
of independent students' work, by the subject of «Academic Drawing»**

Due to new educational paradigm directed to the personality development, the important task of modern educational institutions is the transformation of their own systems. Among this, educational process have to not only arm the student with knowledge and skills, but also by developing his personality, prepare him to creative work and bring him to the new level of self-development. Pedagogical science and life itself are setting new tasks to the educational institutions. One of these tasks is the development and creation of new, systematized and effective methods of organization of independent work.

Keywords: individualization, personality development, indifferent user of knowledge, outdated technics.

Ж.Б. Сланова

**Внедрение новых учебных технологий в специальных высших заведениях на основе
самостоятельной работы студентов по предмету «Академический рисунок»**

В связи с новой, направленной на развитие личности парадигмой образования, важной задачей современных высших учебных заведений является реформирование и преобразование систем обучения. Учебный процесс обязан не только вооружить студента знаниями и навыками, но так же, развивая его личность, готовить к творческому труду и вывести его на уровень саморазвития. Педагогическая наука и сама жизнь ставят перед высшими учебными заведениями абсолютно новые задачи, вопросы и проблемы. Одной из таких задач является разработка и создание новых, систематизированных и эффективных методов по организации самостоятельной работы студентов. Личностно-ориентированное обучение реализуется через индивидуализацию образования, в частности, через самостоятельную работу студентов.

Ключевые слова: индивидуализация, развитие личности, равнодушный пользователь знаний, устаревшие методики.

Кіріспе

Қазақстан Президенті әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына республиканы кіргізу туралы мақсат қойған болатын. Осы мақсатты жүзеге асыруда білім беру жүйесін дамыту жұмысы маңызды қызмет атқарады.

Жеке тұлғаның дамуының, мәдениаралық алмасулардың, пікірін еркін білдірудің, жаңашыл жобаларды, шығармашылық ойларды іске асырудың түпқазығы ретінде Қазақстанда қолайлы орта қалыптасқан. Бұл өз кезегінде, жас ұлттың талаптары мен қызығушылығына барынша жауап беретін білім берудің прогрессивті жүйесін қалыптастырумен анықталады. Осылайша, Қазақстанның қазіргі даму кезеңде білім беруі негізгі рөл атқарады.

Республикадағы орта білім берудің сапасы мен тиімділігіне кері әсер ететін факторлар – ескірген әдістемелік білім беру мазмұнын таңдау үрдісі, оқуға деген ынтаны төмендететін және оқушылардың денсаулығын нашарлататын ақпараттың шамадан тыс болуы, тұлғаның дамуына емес үстірт нәтижелер алуға бағытталу, оқу жетістіктерін бағалаудың ескірген жүйесінің сақталуы болып табылады [1].

Оқытудың және тәрбиелік іс-әрекет ұйымдастырудың жаңа әдістері, студенттерге педагогикалық әсер етуін оңтайландыру, еңбекке шығармашылықпен қарау, студенттердің ойлау қабілетін дербестікке және шығармашылыққа белсендіру, тұлға ретінде дамыту талаптары алдыңғы қатарға шықты. Оқу іс-әрекеті барысында ескірген әдістемелерді қолдану бүгінгі таңда өзектілігін жойды.

Негізгі бөлім

Студенттердің жеке ерекшеліктері, әсіресе жеке алғанда, олардың ақпараттық мәдениетінің даму деңгейі есепке алынбаса жоғары оқу орны студенттерінің үйрену процесінің тиімді ұйымдасуы мүмкін емес. Осындай нақты бір тұлғаға бағытталғандық оқудың жекелендіру принципінде көрсетілген.

Жоғары оқу орнындағы жекелендіруді өте тиімді түрде жүзеге асыратын, оқуды ұйымдастыру негізгі формасы өзіндік жұмыс болып табылады [2].

Өзіндік жұмыстың студенттің кәсіби маман ретінде қалыптасуындағы әсері, бұл білім жүйесінің бөлімінің көп қызметтілігімен

анықталады және оқытудың жекелендіруін, шығармашылық қабілетін жетілдіруін, оқытушы мен оқушының бірлескен іс-әрекетімен себептелетін педагогикалық процестің стратегиясын айқындайды. Студенттердің өзіндік жұмысының басты ерекшелігі, өзінің ашық түрде бейнеленген жекеленген сипатынан көрініс табады. Ол студенттің жеке ерекшеліктері мен жан-жақты іс-әрекетін түрлендіріп, біріктіру мен қатар оның ішкі және сыртқы факторлары болып табылатын үздіксіз өзгеру мен дамуды қамтамасыз етеді.

Жас өспірімнің өзін-өзі қабылдауы оның тұлғасының дамуы мен оқу іс-әрекетіндегі табыстылығында анықтаушы ықпал етеді. Өзін-өзі табысты, қабілетті, жағдайды қадағалай алушы ретінде қабылдайтын студент, кейін өзіне-өзі берік, мақсаткер, байсалды тұлға болып қалыптасады. Ал кері болған жағдайда, біз солғын, жасық, ұялшақ, пассивті және де көп жағдайда ашулы адамды көріп жатамыз. Өз күшіне сенімділігін, сәтсіздіктерге төтеп бере алуын, өзінің мүмкіндіктеріне жақсы баға бере алуын қалыптастыру және кейіннен сол қалпында сақтау – оқытушының ең негізгі мақсаттарының бірі және оқыту бағдарламасының тікелей міндеті. Студенттің қоршаған әлемдегі өз орнын дұрыс сезінуін дамыту өте маңызды.

Осылай, өзін дамыта алатын, өзінің білім қорын өз бетінше толықтырып отыратындай қабілеті болатын, инновациялық қызмет атқара алатын болашақ маманның шығармашыл тұлғасын қалыптастыру, жоғары білім берудің ең негізгі міндеті. Осы мәселенің шешімі тек оқытушыдан студентке білімді дайын түрде берілуінде табылар емес. Студентті селқос білімді пайдаланушыдан, мәселені тұжырымдай алатын, осы мәселені шешу жолдарын талдай алатын, ең тиімді нәтижені тауып оның дұрыс екендігін дәлелдеп бере алатын білімнің белсенді жасампазына айналдыру қажет. Қазіргі кезде болып жатқан жоғары білім беру реформасы өз негізінде оқыту парадигмасынан білім парадигмасына өтумен байланысты. Осы тұста студенттің өзіндік жұмысы жай ғана оқу үдерісінің формасы болып қалмай, оның негізгі тірегі болғаны дұрыс.

Оқу жылдары студентті тек теориялық және практикалық біліктілікпен қаруландырып қана қоймай, оған қоса шығармашылық тұлға ретінде тәрбиелеп қалыптастыруы керек.

Оқудың бастапқы сатысында студенттер оқу-тәрбиелік үдеріске бейімделу жолында

аңғарарлықтай қиыншылықтарға тап болады. Бұған қоса жоғарғы курс студенттерінің танымдық, шығармашылық белсенділігінің деңгейі, көбінесе, алғашқы сатысында оқу үдерісінің дұрыс жолына қойылуымен анықталады. Сондықтан, бірінші курстан бастап оқытуды, студенттің академиялық пәндерден де, өзіндік жұмыстан да, оқуға шығармашылық көзқарас қалыптастырарлықтай жағдай жасауға бағыттау керек. Тек қана академиялық сабақ арқылы студенттің көркем сурет пәнінен толық кәсіби даярлығын іске асыру мүмкін емес.

Осыдан біз білімді игерудің белсенді әдістеріне бағытталу, студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға ұмтылуына жағдай жасау, ағынды оқытудан жеке оқытуға өту қажеттілігін аңғарамыз. Бұнда сөз тек өзіндік жұмысына бөлінетін сағат санын көбейтуінде ғана емес. Өзіндік жұмысының мәнін нығайту, жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбиелік үдерісінің қайта қарастырылуын білдіреді. Осы үдеріс оқу икемін дамытып, студенттің өзін-өзі жан-жақты дамытуға ынтасын қалыптастырып, алған білімін шығармашылықпен пайдалануға үйретіп, заманауи әлемдегі кәсіби қызметке бейімделу тәсілдерін қолдану қабілетін дамыта алатындай құрылуы қажет.

Сурет бойынша академиялық бағдарлама, студенттердің ұзақ уақыт бойы қойылған заттан (натурадан) қарап салуға арналған. Өйткені бұл бейнелеу өнері – кәсіби маман білімінің ең алғашқы негізі. Бірақ ұзақ уақыт бойы жұмыс істеуге арналған оқу тапсырмалары (кейде олар бес-алты сеанс бойына созылады), студентті жалықтырып, шаршатып жібереді, зейінін нашарлатады. Ақыры, шығармашыл болуы тиісті процестің негізін қарапайым, механикалық көшіруге айналдырады.

Оған қоса бүгінгі таңда студенттердің біразы шығармашылығын дамытуға арналған оқу тапсырмаларын және өзіндік жұмыстарын өздері орындамай, жасырын түрде басқа адамдарға тапсырыс беру арқылы жасататындары көбейіп кетті. Әрине, ондай мәселе өзіне асқан назар салынуын талап етеді. Бұл оқыту жүйесінің бағдарламалары керекті шамада жетілдірілмегендігіне көз ашады.

Осы жағдайда жақсы демеу ретінде, өзінің құрылысы және мазмұны алуан түрлілігімен ерекшеленетін, оқытуды жекелендіру қағидалары негізінде құрылған студенттің өзіндік жұмысы өте орынды болады деп санаймын.

Сыныпта орындалатын өзіндік жұмыстың бірнеше түрі бар. Оның ішінде, топтық жұмыс түрі, арнайы жоғары оқу орнында жүргізілетін академиялық пәндерге қолдану өте жақсы нәтиже беруі ықтимал.

Топтық өзіндік жұмысы барысында студент пен оқытушы арасында жақынырақ қарым-қатынас пайда болады, студенттің тұлғалық қасиеттерінің ашылуына жақсы жағдай туындайды [3].

Жекелендіру әрекеттер үлгісін ашық көрсетуде іске асады. Кейін студенттер тапсырманы толығымен немесе жартылай өз бетімен орындайды. Студент алдында пайда болатын қиыншылықтарды оқытушы алдын ала болжауы керек және оларды жеңудің жолын көрсетіп, кеңес беруі қажет: бұрын талқыланып өткен материалды қайта оқып шығу, анықтама немесе қосымша әдебиетке зер салып, ізденіс жасау және т.б. Оқытушы тапсырманы шағын бөлшектерге және кезеңдерге жиі бөледі. Сонымен қатар студент үшін әр келесі тапсырма тек қана алдыңғысы орындалу шартында ғана орындауға қол жетімді деңгейде болады. Мұндай тапсырмалар әлсіз студенттерге аудиторияның ұжымдық жұмысына жеңіл енуіне көмектеседі.

Оқу тапсырмаларын орындау барысында студенттер күрделі шығармашылық мәселелерді шешеді, суретті сатылап орындауды үйренеді, сурет салудың техникалық тәсілдерін игереді. Бірақ оқу іс-әрекеті олардың кәсіби, рухани талаптарына әр кезде сай бола бермейді. Осы жерде студенттің көркемдік сезімі мен интеллектуалдылығын қалыптастыру көбінесе мотивациялық бағдарға тәуелді екендігін белгілеп көрсету артық бола қоймас. Сол себепті оқытудың заманауи кезеңінде, сурет курсы игеруде студенттің жүйеленген, бағытталған, ұйымдастырылған өзіндік жұмысы ерекше маңыздылыққа ие болуы шарт.

Қорытынды

Арнайы пәндерден академиялық сабақтар студенттің біліктілігі мен білімділігін белгілі шамада арттырады. Бірақ бұл үлестің, оқыту үдерісінде студенттің өзіндік жұмысы жүйелі түрде ұйымдастырылғанда, әр қызмет түрінің өз орны нақты анықталып жүргізілетін кезде ғана мәнділігі ашылады.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1000001118>, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы.
- 2 Индивидуализация самостоятельной работы студентов на основе уровня их информационной культуры. Шунайлова Светлана Александровна. <http://jurnal.org/articles/2006/ped7.html>
- 3 Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А. Ю. Педагогический словарь. – М.: Академия, 2005.

References

- 1 Gosudarstvennaya programma Respubliki Kazakhstan 2011-2020 po razvitiyu obrazovaniya. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1000001118>, poslanie Prezidenta Respubliki Kazakhstan 7 dekabrya 2010 goda №1118.
- 2 Individualizatsiya samostoyatel'noi raboty studentov na osnove urovnya ih informatsionnoi kul'tury. Shunailova Svetlana Aleksandrovna. <http://jurnal.org/articles/2006/ped7.html>
- 3 Kodzhaspirova G.M., Kodzhaspirov A.Yu. Pedagogicheskiy slovar'. – М.: Akademiya, 2005.